

Алтын күз

Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Күз мезгілінің тіршілікте тиер пайдасын, табиғаттың ерекшелігін, қыр-сырын тақпақ, өлең, нақыл сөздер арқылы таныстырып, ой-өрісін дамыту. Балаларды табиғатты қорғауға, аялауға, қажырлы еңбек етуге тәрбиелеу.

Балалар музыка әуенімен, жапырақтарымен әсем безендірілген залға кіреді.

Жүргізуші: Құрметті «Алтын күз» мерекесіне жиналған қонақтар! Дәстүрге айналған «Алтын күз» мерекесіне қош келдіңіздер! Қасиетті күз мезгілін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Күз-байлық, күз-молшылық, күз-қуаныш, күз-шаттық -дей отырып, мерекемізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Армысыздар, әлеумет кеш қонағы,

Бүгін бізде мереке аса мәнді.

Қуанып зер салайық ей, халайық!

Алтын күз міне бізде басталады,- деп ортаға күз ханшайымының өзін шақырайық.

Музыка әуенімен Күз ханшайымы кіреді.

Күз ханшайымы: Ой, балалар, балалар,

Қоңырқай күз болыпты.

Қурап жапырақ солыпты,

Ел егінін орыпты.

Алма, өрік, шиелер,

Себеттерге толыпты.

Сәлеметсіздер ме, балалар! Сіздердің балабақшаларыңызға да, күз келіпті. Менің көйлегімнен ұшқан, сары жапырақтар, сіздердің залдарыңызға қоныпты.

Жүргізуші: Саламатсыз ба, күз ханшайымы! Біздің «Алтын күз» мерекемізге қош келдіңіз! Сіз қандай әдемісіз, көріктісіз. (Балалардың амандасуы).

Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр төгіп.

Балалар біздің қолымыздағы не?

-Жапырақтар

Күз мезгілінің керемет сыйы жапырақтармен «**Жапырақтар**»биін билейік.

Жүргізуші:Балаларымыздың сізге дайындаған күз туралы тақпағын қабыл алыңыздар!

Ақниет Көптен күткен күз келді

Жеміс жидек піседі

Жапырақтар сарғайып

Ағаштардан түседі

С.Мансүр Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан – алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап

Аягөз: . Берекесі сыйлауға

Өлкемізге күз келді

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді

Айша:О, алақай тамаша!

Шашу шашты жапырақ

Ернар:Көрініп еліме

Күндері мереке.

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке.

Күз ханшайымы:Рақмет,балалар.Сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер, әнді де,тамаша орындайды екенсіңдер.Менімен «Жапырақтар жинау»ойынын ойнайсыңдар ма?

Ойын: «Жапырақтар жинау»

Ойын шарты:Балалар күз ханшайымының артынан шашылған жапырақтарды жинайды.Аңғарымдылыққа,шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Т.Амина:Қуандырып біздерді

Кел жемісті алтын күз,

Өлкеімзге күз келд

Кемелделсін халқымыз.

Инжу Жеміс мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген.

Хамза Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық – ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық – ау

Раяна Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Жүргізуші: Сіздің құрметіңізге балалардың әсем әнін тамашалаңыз.

Ән «Жапырақтар»

Жүргізуші: Мен бір аңды сипаттайын, сіздер ол не екенін табыңыздар.

Өзі кішкентай, сүйкімді, әдемі.

Орманда ағаштың ішінде өмір сүреді,

Жаңғақты жақсы көреді.

Ол не? (Тиін)

Көңілді музыка әуенімен тиын кіреді.

Тиін: Мен тиынмын, тиынмын,

Қыста жылы киіндім.

Қоймам толы жаңғаққа,

Іші жылы үйімнің.

Жүргізуші: Біздің арамызда да, сенің достарың көп екен.

Ән салыңдар, күліңдер,

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Күздің тойын тойлайық,

Би билейік ойнайық.

Ортаға мың бұралған қыздарымызды шақырайық

«Тиындар»биі

Жүргізуші:Қандай керемет енді кезекті балдарымыздың тақпақтарына берейік.

Аделия Көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін.

Шахназ Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Бекзат Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып

Ж.Амина Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

Тиынмен ойын «Жаңғақ пен жеміс жидектер кім тез жинайды» ойыны.

Ойын шарты:Ортада шеңбер ішінде жаңғақтар мен жеміс жидектер аралас жатады.Қарама қарсы балалар 2 командаға бөлініп тұрады.қолдарына себеттер. 1.2.3. дегенде бір бірден барып өз заттарын жинайды.Музыка тоқталғанда ойын аяқталады.

Тиын: Рахмет меным достарым маған өте қатты ұнады сіздердің өнерлеріңіз.Енді менім орманға қайтатын уакытым болды.Сау болыңдар достарым.

Жүргізуші:Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

Біздің арамызда жеміс-жидектер,көкөністер де көп екен.Күз,жеміс-жидектер,көкөністер туралы тақпақтар.

Жанболат:Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр - сыбдыр етеді.

Алинұр: Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім
Жерге сілкіп түсірме
Ісіп кетер маңдайым.

Қайнар: Асханадан шықпаймын,
Атым пияз, бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам.
Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Жүргізуші: Қарсы алайық қол соға,
Өнерлі жас қаншама.
Мың бұралып билеген,
Жеміс-жидектер ортада.

«Жеміс-жидектер,көкөністер»биі.

Г.Мансұр:Картоп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

Алихан: Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып
Тұрған ол мен қызанақ
Күнге қарап ұялып.

Нұрбек: Өсіретін бойынды,
Дамытатын бойынды.
Қоянғада азықпыз,
Сәбіздермз тәттіміз.

Манас: Мен моншақты шиемін
Құмарсындар білемін
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегім

Жүргізуші Біздің балалар өте өнерлі жаңжақты қане ортаға**«Көңілді оркестр»** тобын шақырайық.

«Көңілді оркестр»

«Дәмін ажырат» ойыны.

Ойын шарты: Бізге 2 бала қажет, олардың көздерін орамалмен байлап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкністі қолдарымен ұстап дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Балалар, сіздер көкөністер мен жемістерді талғамай, көп жеңдер, сонда қыс мезгілінде ауырмайсыңдар. Бірақ барлығын жуып жеңдер! Ал енді сендердің өнерлеріңізге көп рақмет! Мынау менің, сіздерге сыйлығым. Біздің қоштасатын уақытымыз келді. Сау болыңыздар!

Балалар: Қош болыңыз, Күз ханшайымы!

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде бідің дастарқанымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету қажет. Міне, балалар осымен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасына бақыт, береке тілеймін!

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«Алтын-күз!» ертеңгілігінің сценаріі

№ 13 «Аққоян» ортаңғы тобы

**Тәрбиешілер:
Сарсенова К.Ш.
Қазыбаева Ж.Б.
Музыка жетекшісі: Григуль И.В.**

**Қандыағаш қаласы
2022 жыл**